

НЕМЕРЕ МЕН ӘЖЕСІ

— Айтшы, әжетай, көк деген не?
Теңбіл-теңбіл көктеген бе?
Жұлдыз көзін жымындарса,
Ай-әжесі: «Тек!» – деген бе?
Бұлттар бөрте ешкідей дәл
Мана тізген көк көгенге.
Қатар көкте шұбырып барад,
Ағытып біреу: «Шек!» – деген бе?
— Қой, құлыным, обал, обал,
Молда оқытар, мектепке бар.
— Әже-ау, біздің Лұқбек айтад:
«Жер – ойнайтын доп, – деп айтад.–
Тағы алыста теңіз де бар,
Тіпті түбі жоқ! – деп айтад.–
Шөл деген бір жер бар, – дейді, –
Ылғи қызыл шоқ!» – деп айтад.
Айтшы, әже, әже, әже!
Рас па сол? Айтсан қайтед?
— Мен білем бе, мен бір надан,
Ертең сұра, бар, молдадан!
— Айтшы деймін, айтшы, әжекем,
Теңіз деген сұйық па еken?
Алыста өскен тау бар дейді,
Басы көкке тиіп пе еken?
Тау жағындағы әлгі жүйрік
Қоян ба еken, киік пе еken?
Аю деген біздің мынау
Көк бұқадан биік пе еken?
— Тек! – деп ем ғой, – тентек, тентек,
Мұны айтатын мектеп, мектеп!